ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

«ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ: ЕЛДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ РӨЛІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СТУДЕНТТІК ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Құрметті студенттер мен магистранттар!

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Педагогикалық факультетінің Студенттік ғылыми қоғамы (СҒҚ) Сіздерді Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) іске асыру аясында өткізілетін «Тәуелсіздік – менің тірегім: елдің тұрақты дамуындағы білім беру мен педагогика ғылымының рөлі» атты Республикалық студенттік ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға шақырады.

Қазақстан Республикасындағы Тұрақты даму мақсаттары туралы ақпарат: https://sdg.stat.gov.kz/ru

Өткізілетін күні: 2026 жылғы 9 желтоқсан.

Конференцияның мақсаты:

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін нығайтудағы, Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі, ұлттық құндылықтарды сақтаудағы және елдің зияткерлік әлеуетін қалыптастырудағы білім мен педагогика ғылымының рөлін талқылау үшін ғылыми-тәжірибелік алаң құру.

Конференция студенттер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу бастамаларын қолдауға, ғылыми идеялар мен практикалық тәжірибе алмасуға, тәуелсіз Қазақстанның білім беру саласындағы жетістіктерін зерделеуге, сондай-ақ қазіргі қоғамдық және технологиялық өзгерістер жағдайында педагогика ғылымын дамытудың перспективаларын айқындауға бағытталған.

Конференцияны өткізу мынадай Тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға ықпал етеді:

ТДМ 3 – Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және барлық жастағы адамдардың әл-ауқатына жәрдемдесу.

ТДМ 4 – Барлығын қамтитын және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және өмір бойы білім алу мүмкіндіктерін ынталандыру.

ТДМ 5 – Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйел адамдары мен қыз балалардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту.

ТДМ 10 – Елдер ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздікті қысқарту.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс және ағылшын тілдері.
Өткізу форматы: күндізгі, сырттай және қашықтан.
Конференцияға қатысу тегін.

Конференция жұмысының бағыттары

№	Бағыттар	Жауаптылар	E-mail
1.	Қоғамның тұрақты дамуы жағдайындағы педагогика және психология: тұлғаның әл-ауқаты, тең мүмкіндіктер және тәуелсіздік құндылықтары	Волчкова Н. И.	nivolchkova@ku.edu.kz
2.	Сапалы және инклюзивті білім беру – елдің зияткерлік әлеуетін тұрақты дамытудың факторы: мектепке дейінгі, бастауыш және арнайы білім берудегі инновациялар	Айтымова А. М.	aitimova_a_1985@mail.ru
3.	Музыкалық білім және мәдени-демалыс қызметі – ұлттық бірегейлікті сақтау мен қоғамның тұрақты дамуының факторлары	Жукова Т. В.	tvzhukova@ku.edu.kz
4.	Дене шынықтыру, спорт және алғашқы әскери дайындықтағы инновациялық технологиялар: денсаулық, сапалы білім, тең мүмкіндіктер және қауіпсіздік	Скворцова Е. П. Горохов А. С.	elenaskvorcova2603@gmail.com

ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

Конференцияға қатысу үшін **2026 жылғы 5 желтоқсанға дейін** бағыттар бойынша жауапты тұлғалардың электрондық пошта мекенжайларына келесі құжаттарды жіберу қажет:

1. Конференцияға қатысуға өтінім.
2. Белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделген ғылыми мақала.

Әрбір құжат жеке файл түрінде ұсынылады және файл атауында бірінші автордың тегі көрсетілуі тиіс.

Файл атауларының үлгісі:
Абдрахманов_өтінім
Абдрахманов_мақала

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРДЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Мақаланың құрылымы

- Мақала ҒТАМР және ӘОЖ индекстерінен басталады (әрқайсысы жаңа жолдан, сол жақ шеті бойынша тураланып, қалың қаріппен, 12 пт). Көрсетілген индекстер нақты мақаланың тақырыбына сәйкес болуы тиіс.
- Бір бос жолдан кейін мақаланың атауы орналастырылады: ортаға тураланып, бас әріптермен, қалың қаріппен, 12 пт өлшемінде, сөздерді тасымалдамай және соңына нүкте қоймай жазылады.
- Бір бос жолдан кейін авторлар мен ғылыми консультанттың тегі және аты-жөнінің бас әріптері көрсетіледі: ортаға тураланып, қалың қаріппен, 12 пт өлшемінде. Авторлар саны 4 адамнан аспауы тиіс. Авторлардың орналасу реті олардың зерттеу жұмысына қосқан үлесіне қарай анықталады.

- Келесі жолда ұйымның атауы (жұмыс немесе оқу орны) және қала көрсетіледі, ал шетелдік қатысушылар үшін қосымша елдің атауы жазылады. Мәліметтер ортаға туралаңып, курсивпен, 12 пт өлшемінде рәсімделеді.
- Бір бос жолдан кейін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде аңдатпа орналастырылады. Әр тілдегі аңдатпаның көлемі 100 сөзден аспауы тиіс. Аңдатпада зерттеу тақырыбының өзектілігі, мақсаты, әдістері, негізгі нәтижелері, қолданылу аясы мен қорытындылары қамтылуы қажет. Қаріп өлшемі – 10 пт.
- Әрбір аңдатпадан кейінгі келесі жолда тиісті тілде (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) түйін сөздер көрсетіледі. Әр тілде нүктелі үтірмен (;) бөлінген 5–7 түйін сөз немесе сөз тіркесі беріледі. Қаріп өлшемі – 10 пт.
- Түйін сөздерден кейін бір бос жол қалдырылып, мақаланың негізгі мәтіні орналастырылады. Қаріп өлшемі – 12 пт.
-Мақаланың негізгі мәтінінен кейін бір бос жол қалдырылып, пайдаланылған әдебиеттер тізімі беріледі. Қаріп өлшемі – 10 пт.

2. Техникалық талаптар

- Бет пішімі – А4; мәтіндік редактор – Microsoft Word; мақала көлемі – 3–5 бет; қаріп – Times New Roman, өлшемі – 12 пт (пайдаланылған әдебиеттер тізімі, аңдатпа және түйін сөздер үшін – 10 пт); жоларалық интервал – 1,0; беттің барлық жағынан қалдырылатын жиектер – 2 см; абзацтың бірінші жолындағы шегініс – 1,25 см; мәтін беттің ені бойынша туралanады. Автоматты нөмірлеу мен сөздерді автоматты түрде тасымалдауға жол берілмейді.

3. Кестелер, суреттер және формулалар. Кестелер нөмірленіп, атауы кестенің үстінде, сол жақ шеті бойынша орналастырылуы тиіс. Мысалы: «1-кесте. Зерттеу нәтижелері». Графикалық материалдар сканерлеуді қолданбай, Excel бағдарламасы немесе графикалық редакторлар арқылы дайындалуы тиіс. Олар бет жиектерінен шықпауы және әрбір графикалық нысанның көлемі бір беттен аспауы қажет. Суреттің атауы оның астында, ортаға туралаңып орналастырылады. Мысалы: «1-сурет. Білім беру үдерісінің моделі». Формулалар формула редакторы арқылы рәсімделеді. Формулалардың нөмірлері оң жақ шетте дөңгелек жақшаның ішінде көрсетіледі: (1).

4. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ГОСТ Р 7.0.100–2018 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар мен құрастыру ережелері» стандартының талаптарына сәйкес рәсімделеді (https://ifap.ru/library/gost/701002018.pdf). Дереккөздер мақала мәтінінде алғаш рет аталу ретіне қарай орналастырылады. Әдебиеттерге сілтемелер дереккөздің реттік нөмірін және қажет болған жағдайда бет нөмірін көрсете отырып, шаршы жақшаның ішінде беріледі. Мысалы: [1], [2, 15-б.], [3, 25–27-бб.].

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін пайдаланған жағдайда ресми мемлекеттік ақпараттық ресурстарға, оның ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне (https://adilet.zan.kz) сілтемелер көрсетілуі тиіс.

5. Мәтіннің түпнұсқалығын тексеру. Барлық ғылыми мақалалар плагиатқа қарсы тексеруден өтеді. Мәтіннің түпнұсқалық деңгейі кемінде 70% болуы тиіс**.** Мәтіннің бірегейлігін жасанды түрде арттырудың техникалық тәсілдерін (жасырын таңбалар, әріптерді алмастыру, артық бос орындар және т.б.) қолдануға тыйым салынады. Ұсынылған материалдардың шынайылығына, дәйексөздердің дұрыс рәсімделуіне және авторлық құқықтардың сақталуына авторлар жауапты болады.

МАТЕРИАЛДАРДЫ ЖАРИЯЛАУ

Конференция қорытындысы бойынша **2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін** ғылыми мақалалар жинағын PDF форматында электрондық түрде тегін басып шығару және кейіннен Ресейдің ғылыми дәйексөз алу индексіне (РИНЦ) орналастыру жоспарлануда. Жинаққа ISBN халықаралық стандартты кітап нөмірі, ӘОЖ және КБЖ индекстері беріледі.

Конференцияның барлық қатысушыларына *сертификаттар* беріледі**.**

Конференция материалдарының жинағы авторлар ұсынған түпнұсқа мәтіндерді тікелей көшіру әдісімен дайындалады. Осыған байланысты авторлар мұқият тексерілген және редакцияланған материалдарды ұсынуға міндетті.

Редакциялық алқа конференция тақырыбына, материалдарды тапсыру мерзімдеріне, рәсімдеу талаптарына немесе мәтіннің түпнұсқалық деңгейіне сәйкес келмейтін мақалаларды қабылдамауға құқылы.

Жариялауға қабылданбаған материалдар авторларға қайтарылмайды.

Ұйымдастыру мәселелері бойынша:
Айсина Нургуль Бауржановна – Педагогикалық факультет деканының *ҒЗЖжСМ* жөніндегі орынбасары.
Тел.: +7 7152 49-40-42 (қосымша нөмір: 20-73)
E-mail: nbajsina@ku.edu.kz

1-қосымша. Ғылыми мақала мен өтінімді рәсімдеу үлгісі

ҒТАМР 20.02.23
ӘОЖ 691.33

БІЛІМДІ РЕЙТИНГТІК БАҚЫЛАУДЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әбілова[1] Б.Т., Сыздықова[2] Д.С. Ғылыми кеңесші - Иванов М.С.[1]
[1]М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
[2]Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті

Аңдатпа: Қазақ тіліндегі аңдатпа 100 сөзден аспауы тиіс. Онда зерттеу тақырыбының өзектілігі, мақсаты, қолданылған әдістері, негізгі нәтижелері, практикалық қолданылу аясы және қорытындылары қысқаша баяндалуы қажет. Аңдатпа мақала атауын қайталамауы және пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелерді қамтымауы тиіс.
Түйін сөздер: білім беру; педагогика; бағалау; рейтингтік бақылау; білім сапасы.

Аннотация: Аннотация на русском языке должна содержать не более 100 слов. В ней необходимо кратко отразить актуальность темы, цель исследования, использованные методы, основные результаты, область их практического применения и выводы. Аннотация не должна дублировать название статьи и содержать ссылки на использованную литературу.
Ключевые слова: образование; педагогика; оценивание; рейтинговый контроль; качество знаний.

Annotation: The abstract in English should not exceed 100 words. It should briefly describe the relevance of the research topic, the aim of the study, the methods used, the main results, their practical applications, and the conclusions. The abstract should not repeat the article title or contain references to the bibliography.
Keywords: education; pedagogy; assessment; rating-based assessment; quality of knowledge.

Мақаланың негізгі мәтіні Мақаланың негізгі мәтіні Мақаланың негізгі мәтіні

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы [Электрондық ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_.
2. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы [Электрондық ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000103.
3. Автордың тегі А.Ә. Ғылыми мақаланың атауы // Ғылыми журналдың атауы. – Жылы. – Томы, № шығарылымы. – Б. ХХ–ХХ.

Ескертпе: ұсынылған тізім әдебиеттерді рәсімдеу үлгісі болып табылады. Мақалада тек нақты пайдаланылған дереккөздер мәтінде алғаш рет аталу ретіне сәйкес көрсетілуі тиіс.

Өтінім беру *үлгісі*

«Тәуелсіздік – тұғырым: елдің тұрақты дамуындағы білім мен педагогика ғылымының рөлі» республикалық студенттік ғылыми-тәжірибелік конференциясының жұмысына қатысуға арналған өтінім

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

Білім беру ұйымының атауы _____

Білім беру бағдарламасы (мамандығы) _____

Курсы _____ Тобы _____

Қатысу форматы: күндізгі / онлайн / сырттай

Баяндама (мақала) тақырыбы _____

Конференция бағыты (секциясы) _____

Ғылыми жетекшінің Т.А.Ә. _____

Ғылыми жетекшінің ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы _____

Ғылыми жетекшінің лауазымы _____

Қатысушының байланыс телефоны _____

Қатысушының электрондық поштасы _____

Күні _____ Қолы _____